



ИНАУГУРАЦИЯ

Тәуелсіздік сарайында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевты салтанатты ұлықтау рәсімі өтті.

Мемлекеттік Ту мен Президент Байрағын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Конституциясын Тәуелсіздік сарайының Үлкен залына әкелген соң Қазақстан Республикасының Президенті келіп, мінберге көтерілді.



өтеуге берілген бірегей мүмкіндік деп білемін. Қазақта «аманат» деген асыл ұғым бар. Халқымның сенімі – маған аманат. Осы аманатқа адал болу – мен үшін қасиетті парыз. Ел үмітін ақтап, Қазақстанды өркендеген, бақуатты мемлекетке айналдыру үшін қолымнан келгеннің бәрін жасаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент алдағы қызметінің бірқатар негізгі бағытын атап өтті. Мемлекет басшысының айтуынша, шынайы заң үстемдігін қамтамасыз етпей, әділетті әрі нарықтық экономиканы құру, жеке меншікті қорғау, бәсекелестікті дамыту, сыбайлас жемқорлықты жою мүмкін емес. Еліміз даму жолында, негізінен, өз күшіне сенеді. Сонымен қатар, шетелден тікелей инвестиция тарта отырып, түрлі саладағы халықаралық ынтымақтастықты белсенді түрде дамытады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан өз ұлттық мүддесін қорғауға бағытталған теңгерімді және конструктивті сыртқы саясатын жүзеге асыра беретінін жеткізді. Саяси жаңғыру үдерісі жоспарлы түрде жалғасады.

Ұлықтау рәсіміне Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев, Қазақстан Республикасының Сенат пен Парламент депутаттары, Үкімет мүшелері, Жоғарғы Сот судьялары, Конституциялық Кеңестің мүшелері, Президент Әкімшілігі мен Премьер-Министр Кеңесінің өкілдері, орталық мемлекеттік басқару органдарының басшылары, Орталық сайлау комиссиясы мен Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшелері, діни конфессия өкілдері, облыстар мен Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері, Қазақстандағы дипломатиялық өкілдіктердің басшылары, президенттікке үміткер болғандар, саяси партиялардың басшылығы, Республикалық және аймақтық қоғамдық штабтардың мүшелері, қоғамдық ұйымдардың және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, іскер топтардың өкілдері, көрнекті ғалымдар, мәдениет және өнер қайраткерлері, жастар ұйымдарының жетекшілері қатысты.

Akorda.kz

ХАЛЫҚ СЕНІМІ – ЗОР ЖАУАПКЕРШІЛІК

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевты салтанатты ұлықтау рәсімі өтті

Конституцияның 42-бабына сәйкес, Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа ант берді:

«Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын қатаң сақтауға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беруге, Қазақстан Республикасы Президентінің өзіме жүктелген мәртебелі міндетін адал атқаруға салтанатты түрде ант етемін!».

Сайланған Қазақстан Президентінің қыз-

метке кірісу құрметіне орай Мемлекеттік Әнұран ойналып, 21 рет зеңбіректерден оқ атылды. Ал «Ақорда» резиденциясының үстінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы көтерілді.

Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров Қасым-Жомарт Тоқаевқа Қазақстан Республикасы Президентінің куәлігін тапсырды.

Мемлекет басшысы салтанатты ұлықтау

рәсінде сөйлеген сөзінде өзіне зор сенім артқан барша отандасына алғыс айтты.

– Халықтың сенімі – ең құнды нәрсе. Сайлау нәтижесін халқымыздың саяси бағдарыма – бағасы, алдағы жоспарыма – бағасы деп қабылдаймын. Халқының қолдауына ие болып, ел тізгінін ұстау – ер-азамат үшін ең биік мәртебе әрі орасан зор жауапкершілік. Алдағы 7 жылды бүгінгі буынның және келешек ұрпақтың алдындағы борышымды

СОНАР – 2022

Қонаев қаласында үш күн қатарынан «Сонар – 2022» республикалық құсбегілер жарысы жалауын желбіретті. Қазақтың аңшылық өнерін дәріптеген дүбірлі дода Мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Қонаевтың 110 жылдығына орай ұйымдастырылды. Турнирге Қазақстаннан бөлек, көршілес Қырғыз Республикасынан, Қытай елінен, сондай-ақ, Түркия мен Моңғолиядан құсбегілер келді.



Қар – аппақ, бүркіт – қара, түлкі – қызыл

спортшы өнер көрсетті. Аң аулауға 64 бүркіт, 14 қаршыға, 10 шақты ителгі түсті. Ұлттық мұра ұлықталған игі шарда Алматы облысы әкімінің міндетін атқарушы Марат Сұлтанғазиев сөз сөйлеп, көпшілікті аңшылық дәстүрдің жаңғыруымен құттықтады.

– Түркі халықтарының дәстүрін сақтап, жалғастырушы спортшылар, ұлттық ойынды дәріптеуге үлес қосып жүрген

қонақтар, сіздерге Қонаев қаласына қош келдіңіздер дейміз. Жаңадан облыс орталығы атанған Қонаев қаласына мән беріп, бүгінгі шараны қолдағандардың бәріне алғыс айтамын. Биыл Түркияда ту тіккен «Көшпенділер ойыны» жарысы енді 2024 жылы Алматы облысында өтпек. Бұл да біз үшін үлкен қуаныш, – деді құттықтау сөзінде Марат Елеусізұлы.

(Соңы 2-бетте)

Қуаныш ТҮНҒАТАР

Шараның ашылу салтанатына Алматы облысы әкімінің міндетін атқарушы Марат Сұлтанғазиев Ұлттық және ат спорты түрлері орталығының директоры Бақдәулет Сәбитов, «Хабар» медиахолдингінің басқарма төрағасы Берік Уәли, «Қыран федерациясы» қоғамдық қорының президенті Нұрлан Өнербаев, «Қыран федерациясы» қоғамдық қорының атқарушы директоры Бағдат Мүптекеқызы қатысты. Додада 19 команда, 100-ге жуық

Турнирді Тоқаев ашты

Ришад ТҮРҒАНБАЙ

Талдықорған қаласында белгілі тележурналист, «Айтуға оңай», «Қарекет» токшоуының жүргізушісі, қазақтың қазыналы ұлына айналған Бейсен Құранбекті еске алуға арналған БАҚ өкілдері арасында республикалық турнир өз мәресіне жетті. Осымен үшінші мәрте жалауын желбіреткен дәстүрлі жарысқа республикамыздың сегіз аймағынан команда келді.

(Соңы 2-бетте)

БАСПАСӨЗ – 2023

«Jetisy»

жетісулықтармен бірге!

Қадірменді оқырман, қымбатты Жетісу жұртшылығы!

Алаш рухын арқаалаған ақжолтай хабаршы, баршамызға бала кезден етене таныс, көзге ыстық, көңілге қымбат «Jetisy» газеті өзімен аттас Жетісу облысында жалауын желбіретіп отыр. Ғасыр асқан абыз басылым жер жаннаты Жетісу тұрғындарын ақпаратпен қамтуды ары қарай айыроймен жалғастырады. Облыс бөлінгеннен елдік мүдде, Отан деп соққан өршіл жүрек бөлінген жоқ. Ендеше, Жетісу облысында қазығын қаққан қара шаңырақ – көне басылым «Jetisy» газеті әр шаңырақтың төрінен табылсын! Жазылайық! «Jetisy» жетісулықтармен бірге!

Жалпы жазылу бағасы:

Жазылушылар	Индексі	6 айға		12 айға	
		қала	ауыл	қала	ауыл
Заңды тұлғалар үшін	15469	5277,60	5587,20	10555,20	11174,40
Зейнеткерлер үшін	35469	3333,60	3643,20	6667,20	7286,40
Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	45469	3477,60	3787,20	6955,20	7574,40
Жалпы жеке жазылу	65469	3693,60	4003,20	7387,20	8006,40

Ал Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабатта орналасқан «Jetisy» газеті редакциясына келіп, газетті осы мекенжайдан алып тұруды қаласаңыз:

Редакцияға келіп балама жазылу:

№	Жазылушылар	6 айға	12 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	4400	8800
2.	Зейнеткерлер үшін	2450	4900
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	2550	5100
4.	Жалпы жеке жазылу	3000	6000

«Jetisy» электронды нұсқасына (PDF форматына) Талдықорған қаласындағы (Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабатта) газет редакциясына келіп жазылуға болады.

Электронды форматтағы (PDF форматына) жазылу:

№	Жазылушылар	6 айға	12 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	4000	8000
2.	Зейнеткерлер үшін	2050	4100
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	2250	4500
4.	Жалпы жеке жазылу	2500	5000

Баспасөзге жазылуға қатысты сұрақтар бойынша мына нөмерлерге хабарласуға болады: 8 (7282) 40-20-69, 8 7753558958, 87477061373, 87474106909.

